

"Жеке кәсіпкерлік саласындағы тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалануға арналған тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 29 наурыздағы № 52 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі № 81 бірлескен бүйрүғына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 05 желтоқсандағы № 286 және Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрінің 2013 жылғы 05 желтоқсандағы № 359/нқ бірлескен бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 06 қаңтарда № 9060 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2015 жылғы 25 маусымдағы № 225 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 7 шілдедегі № 503 бірлескен бүйрүғымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 25.06.2015 № 225 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.07.2015 № 503 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бүйрүғымен.

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. «Жеке кәсіпкерлік саласындағы тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалануға арналған тексеру парағының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 29 наурыздағы № 52 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі № 81 бірлескен бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 6920 болып тіркелген, 2011 жылғы № 18 Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін :

көрсетілген бүйрүқпен бекітілген жеке кәсіпкерлік саласындағы тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалануға арналған тексеру парағының нысаны осы бүйрүққа қосымшаға сәйкес жана редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті :

- 1) осы бүйрүқтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде

МЕМЛЕКЕТТІК

тіркелуін;

2) осы бұйрықтың белгіленген тәртіпте ресми жариялануын, кейін жарияланғаны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және ақпарат министрі

Өнірлік даму министрі

_____ М. Құл-Мұхаммед

_____ Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрінің
2013 жылғы «05» 12 № 286
және Қазақстан Республикасы
Өнірлік даму министрінің
2013 жылғы «05» 12 № 359/НҚ
бірлескен бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Мәдениет министрінің
2011 жылғы 29 наурыздады
№ 52 бұйрығымен және
Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және
сауда министрінің
2011 жылғы 01 сәуірдегі № 81
бұйрығымен бекітілді
Нысан

Жеке кәсіпкерлік саласындағы тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалануға арналған тексеру парагы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№, күні) _____

Субъектінің атауы _____

Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН), жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) _____

Субъектінің орналасқан жерінің мекенжайы _____

| № | Талаптар тізбесі | Қойылатын талаптарға сәйкес келеді | Қойылатын талаптарға сәйкес келмейді |
|---|--|------------------------------------|--------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Тарих және мәдениет ескерткіштің меншік иесінің (пайдалануышының) міндеттемелері тіркелген тиісті корғау міндеттемесінің болуы | | |
| 2 | Меншік иесінің (пайдалануышының) тарих және мәдениет ескерткіші туралы негізгі деректер жазылған және ескерткіштің мемлекет қорғауында екендігін көрсететін корғау тақтайшасының болуы | | |
| 3 | Ғылыми және нақты мәліметтерді қамтитын әрбір тарих және мәдениет ескерткішінің паспорты болуы | | |
| 4 | Тарих және мәдениет ескерткішін пайдалануға беру туралы мемлекеттік және жергілікті атқару органдарының шешімінің болуы | | |
| 5 | Ескерткіштерді бұзылуудан немесе жойылуудан қорғауды қамтамасыз ету мақсатында тарих және мәдениет объектісінде корғау аймағының, құрылымы салуды реттеу және қоргалатын табиги ландшафт аймактарының болуы | | |
| 6 | Тарих және мәдениет ескерткішінің айналасындағы қорғау аймағы қорғау белгілерімен немесе олардың шекара сызықтары бойынша жыртылған жермен немесе коршаулармен, не бұталар отырығызу арқылы белгілердің болуы | | |
| 7 | Тарих және мәдениет ескерткішінің тарихи, сәулеттік-көркемдік келбетін жоюға болатын өзгеруден, бұрмалаудан, тағылық актілерінен, закым келуден, өнін айналдырудан, орынсыз өзгерістер енгізуден, тарихи түпмәтіннен үзіп тастаудан, закымдаудан, жалған дәріптеуден, бұрмалаудан, ескерткіштің өзін немесе оның бөлшектерін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуден қорғауды қамтамасыз ету | | |
| 8 | Корғау аймағының, құрылымы салуды реттеу және қоргалатын табиги ландшафт аймағының шекарасында (құрылымы салуды, жерді пайдалану, ауыл шаруашылық немесе өзге де қызмет түрлерін реттеу) жұмыстарды жүргізуудің ережесін сақтау: 1) Тарихи-мәдени мұра объектісінің корғау аймактарында ескерткіштің сақталуына, оның тарихи-мәдени қабылдануына теріс әсерін тигізетін жұмыстар жүргізілмеуіне шаралар қабылдау 2) Тарих және мәдениет ескерткішінің құрылымы салуды реттеу аумағындағы құрылымы сипатын реттеу шараларын қабылдау (құрылымы салудың ауқымдылығы, қабаты, тығыздығы және функционалдық қызметі) | | |
| 9 | Тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуына қауіп төндіретін жобалау, іздестіру, құрылымы, мелиорация, жол жөндеу, өндірістік, сондай-ак, басқа да жұмыс түрлерін жүргізуге жол бермеу шараларын қабылдау | | |

| | | | |
|----|---|--|--|
| 10 | Тарих және мәдениет ескерткіштерде ғылыми–қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу ді үәкілетті мемлекеттік органдың көлісінің болуы | | |
| 11 | Жеке және заңды тұлғалардың тарих және мәдениет ескерткішіндегі тиісті лицензия негізінде ғылыми–қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу | | |

қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда «+» белгісі қойылады; қойылатын талаптарға сәйкес келмеген жағдайда «-» белгісі қойылады; тексеру объектісінде тізбеден талаптар болмаған жағдайда «0» белгісі қойылады. Тексеру жүргізген _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Тексеру қорытындылары бойынша тексерілген объекті _____
(объектінің атауы)

Объектілер санатына ауыстырылады («+» белгісімен белгілеу):

| жоғары тәуекел дәрежесі | орташа тәуекел дәрежесі | болмашы тәуекел дәрежесі |
|-------------------------|-------------------------|--------------------------|
| | | |

Тексерудің аяқталу мерзімі _____

Жеке кәсіпкерлік субъектісінің басшысы, жеке кәсіпкер тексеру нәтижесімен танысты
(келісемін/келіспеймін)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) қолы

«_____» 20 ____ жыл.

Органың лауазымдық тұлғалары:

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса))

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса))